

"Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 203 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 мамырда № 20645 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2009 жылғы 10 ақпандағы № 20 (1443) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидалар жана редакциясында тағайындалсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 14 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 19 қарашадағы
№ 613 бұйрығымен
бекітілген

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысатын үміткерлерге қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) академиялық оралымдылық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) меңгерілген білім беретін оқу бағдарламаларын міндетті түрде өзінің жоғары оқу орнында кредиттер түрінде қайта тапсыра отырып немесе басқа жоғары оқу орнында оқуын жалғастыру үшін ауыстыру;

2) әкімші - құжаттарды қабылдауды және үміткерлерді іріктеу жөніндегі Тәуелсіз сараптамалық комиссияның және Қорытынды комиссияның бойынша жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты заңды тұлғасы;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган - білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

4) қоғамдық комиссия - Қазақстан Республикасының әрбір жоғары оқу орны үшін елдер бөлінісінде орындарды бөлу жөніндегі функцияларды орындау және академиялық оралымдылық бағдарламасы шеңберінде шетелде оқуға немесе

зерттеулер жүргізуге үміткерлерді конкурстық іріктеу үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген кеңесші орган;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен немесе өтініш жасамай жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысанда көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - портал);

8) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ).

2-тарау. Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу тәртібі

1-Параграф. Қазақстан Республикасының және шет елдердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде оқыту үшін жіберу тәртібі

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша шетелге оқуға жіберуді Білім беру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының және шет елдердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер негізінде үйлестіреді.

5. Білім беру саласындағы уәкілетті орган мен әкімші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының және шет елдердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде оқу үшін үміткерлерді іріктеу жөніндегі құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы өзінің ресми сайттарында дипломатиялық нотаны алған күннен бастап хабарландыру орналастырады.

6. Хабарламада оқыту саласындағы шарттар/келісімдердің талаптары, талапкерлерді іріктеуге қойылатын талаптар мен осы қағидаларға сәйкес құжаттардың тізбесі және Білім беру саласындағы уәкілетті органның, шетелдік әріптестің қалауы бойынша өзге де ақпарат болуы тиіс.

7. Жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу шарттары:

білім туралы құжаттың орташа балы:

бакалавр дәрежесін алуға үміткерлер үшін - аттестаттың немесе негізгі орта білімі туралы куәліктің, табельдің/орта арнайы білім бағдарламасы бойынша ағымдағы оқу жылындағы ағымдағы үлгерімі туралы транскрипттің немесе арнайы орта білімі туралы дипломның орташа баллы кем дегенде 4,0 (5.0-ден) балына сәйкес болуы;

магистратура дәрежесін алуға және резидентурада оқуға үміткерлер үшін - бакалавр /маман дипломының немесе ағымдағы үлгерімі туралы транскрипттің орташа балы кем дегенде Грейд Пойнт Авередждің (барлық өткен курс үшін орташа арифметикалық бағасы) 3,0 (4.0/4.33-ден) балына немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 318 бұйрық) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалылығы кестесіне сәйкес оның баламасына сәйкес болуы;

философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға үміткерлер үшін - магистр дипломының немесе ағымдағы үлгерімі туралы транскрипттің орташа баллы кем дегенде Грейд Пойнт Авередждің (барлық өткен курс үшін орташа арифметикалық бағасы) 3,0 (4.0/4.33-ден) балына немесе № 318 бұйрығымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалылығы кестесіне сәйкес оның баламасына сәйкес болуы;

ағымдағы үлгерім туралы анықтамаларды ұсынатын үміткерлер үшін - ағымдағы үлгерімнің орташа балының жоғарыда көрсетілген балдарға тиісінше сәйкес болуы;

қабылдаушы тарап білім туралы орташа балды төмен белгілеген жағдайда бұл шарт ескрілмейді.

8. Шетелде оқуға үміткерлерді конкурстық іріктеуге қатысу үшін Әкімші "Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) көзделген құжаттарды, оның ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының және шет елдердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелге оқуға кететін Қазақстан Республикасы азаматының толтырылған сауалнамасын қабылдауды жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе ведомстволары мен шетелдік мемлекеттер арасында қол қойылған білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқуға ұсынылатын және резервтік тізімге қосылатын үміткерлерді іріктеуді Үміткерлерді іріктеу бойынша қорытынды комиссия жүзеге асырады.

10. Үміткерлермен әңгімелесуді, соның ішінде онлайн әңгімелесуді Тәуелсіз сараптамалық комиссия жүзеге асырады.

11. Тәуелсіз сараптамалық және Үміткерлерді іріктеу бойынша қорытынды комиссиялардың құрамы мен Тәуелсіз сараптамалық және Үміткерлерді іріктеу бойынша қорытынды комиссиялар туралы ереже білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

12. Тәуелсіз сараптамалық комиссия білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерлермен жеке әңгімелесу өткізеді. Жеке әңгімелесуді мамандықтың жолдамасы бойынша Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелері өткізеді.

13. Тәуелсіз сараптамалық комиссиясы үміткерлермен тақ саннан тұратын, бірақ кемінде 5 (бес) мүшеден тұратын жеке әңгімелесу өткізеді:

мамандық, жоғары оқу орны мен оқу елін таңдаудың саналы және дәлелді деңгейін; шетелде оқу үшін даярлау деңгейін анықтау үшін.

Тәуелсіз сараптамалық комиссия осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген Халықаралық шарттар/келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді бағалау критерийлеріне сәйкес және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес үміткерлердің жеке әңгімелесу парағына баға қояды.

Жеке әңгімелесу және Тәуелсіз сараптамалық комиссия отырысы барысында аудио -, бейнежазба жүргізіледі.

Тәуелсіз сараптамалық комиссияның отырыстарының хаттамалары, аудио және бейнежазбалары конкурс аяқталған сәттен бастап кемінде бір жыл әкімшінің архивінде сақталады.

Әкімші жеке әңгімелесуден өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде әрбір үміткер бойынша бағалауды үміткермен жеке әңгімелесу өткізген тәуелсіз сараптау комиссиясының барлық мүшелері толтырған жеке әңгімелесу парақтары бойынша орташа баға шығарады және үміткерлерді іріктеу жөніндегі қорытынды комиссияның қарауына ұсыну үшін орташа бағасы көрсетілген барлық үміткерлердің тізімі қалыптастырылады.

14. Үміткерлерді іріктеу бойынша қорытынды комиссия қабылдаушы тараптың берілетін гранттарының саны шеңберінде кадрлар даярлау бағыттары бойынша орындар санын айқындайды.

15. Негізгі өлшемшарттар үшін үміткерлерді іріктеудің:

1) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес балдық жүйе бойынша шет тілін білу деңгейі;

2) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес білім туралы құжаттың балдық жүйе бойынша орташа балы;

3) Тәуелсіз сараптамалық комиссияның бағасы болып табылады.

16. Үміткерлердің балдарын есептеу, сондай-ақ әңгімелесу нәтижелері бойынша қорытынды Үміткерлерді іріктеу бойынша қорытынды комиссия ұсынылған үміткерлердің осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес халықаралық шарттар/келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлердің негізгі және резервтік тізімдерін (бұдан әрі - Тізім) бекітеді. Резервтік тізімде үміткерлер саны бөлінген орындар санының 40 (қырық) пайызынан аспауы тиіс.

17. Халықаралық шарттар/келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу кезінде тең баллмен басымдыққа ие (келесі ретпен):

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) № 082/е нысан бойынша шетелге шығушы үшін медициналық анықтаманы ұсынған, тиісті шетелдік білім беру ұйымдарында медициналық қорытындыға сәйкес оқуға болмайтын бала кезінен мүгедектер және мүгедек балалар;

3) көп балалы отбасынан шыққан балалар;

4) шетелдік жоғары оқу орындарынан шақыруы бар үміткерлер, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарында оқитындар.

18. Әкімші үміткерлерді іріктеу жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған үміткерлердің Тізімін кейіннен қабылдаушы тарапқа дипломатиялық арналар арқылы беру үшін білім беру саласындағы уәкілетті органға береді.

19. Тізім Үміткерлерді іріктеу бойынша қорытынды комиссияның отырысы өткізілгеннен кейін күнтізбелік екі күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органның және Әкімшінің интернет-ресурстарында орналастырылады.

20. Үміткер ұсынылған үміткерлер тізімінен оқудан немесе зерттеу жүргізуден бас тартқан жағдайда оны ауыстыру резервтік тізімнің кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады. Бас тарту туралы өтініш еркін нысанда жазылады.

21. Конкурс жеңімпазы қабылдаушы Тараптан білім беру саласындағы уәкілетті орган дипломатиялық арналар арқылы оқуға қабылданған үміткерлердің түпкілікті тізімін алған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде Әкімшімен осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес үлгілік нысандар бойынша оқыту шартын (бұдан әрі - шарт) жасасады, шарт міндетті түрде мыналарды қамтиды:

1) шарттың мәні;

2) тараптардың құқықтары мен міндеттемелері;

3) оқу мерзімі мен шарттары;

4) конкурс жеңімпазын шетелде академиялық оқуды аяқтағаннан кейін міндетті түрде Қазақстан Республикасына қайтару және 3 (үш) жыл мерзімге үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру туралы шарт.

2-Параграф. "Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

22. "Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқыту конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

23. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

24. Көрсетілетін қызметті алушы білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не портал арқылы білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі стандартта білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде келтірілген.

25. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

26. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар және (немесе) олардағы деректер (мәліметтер) дәйексіз болған, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайтадан жүгіне алады.

27. Құжаттарды қараудың жалпы және білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету немесе білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

28. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алуды жүзеге асырады.

29. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету процесін құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің уәкілетті қызметкерлері қатысады.

30. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және келесі рәсімдерден тұрады:

білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдауға жауапты бөлімшенің қабылдауы - 15 минут;

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдауға жауапты бөлімшенің конкурсқа қатысу үшін шарттар мен талаптарға сәйкестігін тексеруі - 30 минут;

құжаттарды қабылдауға жауапты бөлімшенің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар және (немесе) деректер (мәліметтер) дәйексіз болған жағдайда, білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау туралы қолхатты немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден жазбаша бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға беруі - көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс сағат 15 (он бес) минут.

3-Параграф. Академиялық оралымдылық шеңберінде шетелге оқуға жіберу тәртібі

31. Білім алушыларды академиялық оралымдылық шеңберінде шетелге оқуға жіберу:

1) республикалық бюджет қаражаты;

2) жоғары оқу орындарының ақылы қызметтерді іске асыру нәтижесінде алынғын табыстары;

3) жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестер, халықаралық және отандық қорлар және стипендиялар гранттары;

4) білім алушылардың жеке қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

32. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары (бұдан әрі - ЖОО) 31-тармақтың 2), 3) және 4-тармақшаларында көрсетілген қаражат есебінен білім алушыларды жіберу кезінде іріктеу тәртібін дербес айқындайды.

33. Республикалық бюджет қаражаты есебінен академиялық оралымдылық шеңберінде шетелге оқуға жіберуді білім беру саласындағы уәкілетті орган және білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

34. ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау және әрбір ЖОО-да республикалық бюджет қаражаты есебінен жіберілетін үміткерлерді іріктеу үшін ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау және үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссиялар құрылады.

Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан тұратын ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау жөніндегі комиссияны білім беру саласындағы уәкілетті орган құрады.

Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссияны ЖОО құрамына мәслихат депутаттары мен үкіметтік емес ұйымдардың тәуелсіз сарапшыларынан, қоғам қайраткерлерінен тұратын кемінде 15 адамнан құрады.

35. ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау жөніндегі комиссияның төрағасы ашық дауыс жолы арқылы анықталған көп дауыс алған Комиссия мүшелерінің есебінен тағайындалады. Шешім қабылдау кезінде Комиссияның барлық мүшелері Төрағаны қоса алғанда тең дауыс беру құқығына ие. Комиссия отырысы егер оған комиссия құрамының кемінде жартысы қатысса заңды деп есептеледі.

ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау жөніндегі комиссияның жұмысын Әкімші ұйымдастырады.

36. Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссияның төрағасы ЖОО ректоры болып табылады. Шешім қабылдау кезінде төрағаны қоса алғанда комиссияның барлық мүшелері тең дауыс беру құқығына ие. Комиссия отырысы егер оған комиссия құрамының кемінде жартысы қатысса заңды деп есептеледі.

37. ЖОО-лар білім беру саласындағы уәкілетті органның сұрауы бойынша Әкімшіге ынтымақтастық туралы жасалған халықаралық келісімдерге сәйкес елдер және орындар бөлінісінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу үшін өтінім жібереді.

38. Әкімші осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім берген жоғары оқу орындардың жалпы тізімін жасайды.

39. Бос орындар болған жағдайда ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау жөніндегі комиссия өтінімдер берген ЖОО-лар арасында бөледі.

40. Әкімші білім беру саласындағы уәкілетті органға ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау жөніндегі комиссия отырысының еркін нысанда жасалған хаттамасын жібереді.

41. Білім беру саласындағы уәкілетті орган ЖОО-лар бойынша орындар санын анықтау жөніндегі комиссия ұсынған хаттамаға сәйкес бұйрық шығарады.

42. Білім беру саласындағы уәкілетті орган мен ЖОО-лар жыл басында шетелге оқуға жіберу үшін конкурс жариялайды.

43. Үміткерлердің құжаттарын беру электрондық үкімет порталы арқылы және ЖОО кеңсесі арқылы конкурс жарияланған күннен бастап 60 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

44. Республикалық бюджет қаражаты есебінен академиялық оралымдылық шеңберінде конкурсқа қатысу үшін үміткерлер осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес " Шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

45. Академиялық оралымдылық шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен конкурсқа қатысуға осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген құжаттарды ұсыну қазақстандық ЖОО мен шетелдік әріптес ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушы конкурсқа ЖОО-лар арасында халықаралық келісімдер болған жағдайда қатыса алады.

46. Үміткерлерді іріктеуді Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген Халықаралық шарттар/келісімдер және академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлеріне (бұдан әрі - Үміткерлерді іріктеу критерийлері) сәйкес жүзеге асырады.

47. Академиялық оралымдылық шеңберінде оқуға жіберу үшін үміткерлерді іріктеу кезінде бірдей балл болған жағдайда:

1) GPA жоғары балы бар үміткерлер (Grade Point Average-грейд пойнт аверейдж-дипломның орташа балы);

2) шет тілі бойынша жоғары балы бар үміткерлер;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер;

4) бала кезінен мүгедектер немесе мүгедектер;

5) көп балалы отбасылардан шыққан үміткерлер басымдыққа ие болады.

48. Жоғары оқу орнының жауапты бөлімшесі ұсынылған құжаттарды осы Қағидалардың 44 және 46-тармақтарында көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексереді және әр ЖОО бойынша Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссияның қарауына үміткерлердің іріктеу өлшемшарттарына сәйкес үміткерлер тізімін жасайды.

49. Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия үміткерлер ұсынған құжаттарды қарастырады және ашық дауыс беру арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес және осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген үміткерлерді іріктеу критерийлерінің балдарына сәйкес академиялық оралымдылық шеңберінде білім алушылардың негізгі және резервтік тізімін дайындайды.

50. Егер үміткер академиялық оралымдылық аясында оқуға барудан бас тартса, оны ауыстыру резервтік тізімнің кезектігіне сәйкес жүзеге асырылады. Бас тарту туралы өтініш еркін нысанда жазылады.

51. Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссияның отырысы еркін нысанда хаттама түрінде рәсімделеді. Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия отырысы барысында ЖОО-ның ресми интернет-ресурстарында немесе әлеуметтік желілерде онлайн-трансляция режимінде аудио -, бейнежазба жүргізіледі.

Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия отырыстарының хаттамалары, аудио және бейнежазбасы конкурс аяқталған сәттен бастап кемінде бір жыл ЖОО мұрағатында сақталады.

52. ЖОО Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия ұсынған тізімдерге сәйкес академиялық оралымдылық шеңберінде шетелге оқуға жіберу туралы бұйрық шығарады.

53. Академиялық оралымдылық шеңберінде шетелге оқуға жіберу туралы бұйрық бұйрық бекітілгеннен кейін 10 (үш) жұмыс күні ішінде ЖОО сайтына орналастырылады.

54. Академиялық оралымдылық аясында оқуға жіберілетін конкурстан өткен үміткерлерді жіберу мерзімі білім алатын елінде академиялық кезеңнің басталуына сәйкес әр жағдайда бөлек анықталады.

55. ЖОО-лар іріктелген үміткерлерге ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді, шетел ЖОО-ларынан ресми шақыру алуға ықпал етеді, шетелге оқуға жіберу туралы бұйрық шығарады, оларды жіберуді жүзеге асырады, шетелде тұру және оқу үлгеріміне мониторинг жасайды, алынған оқу кредиттеріне талдау жүргізеді және оларды студенттің оқу жоспарында тіркейді, сондай-ақ, шетелдегі оқу бағдарламалары бойынша алып жатқан мамандыққа сәйкестігі үшін жауап береді.

4-Параграф. "Академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

56. "Академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін ЖОО-лар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

57. Академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет Жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

58. Көрсетілетін қызметті алушы академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі немесе портал арқылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 тіркелген) Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес академиялық

оралымдылық шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алушының өтінішін береді.

59. Құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

60. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

61. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

62. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар және (немесе) оларда қамтылған деректер (мәліметтер) дәйексіз болған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті портал арқылы қабылдаудан бас тартады.

63. Құжаттарды қабылдаудың жалпы немесе академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

64. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алуды жүзеге асырады.

65. Академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және келесі рәсімдерден тұрады:

академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдау және толықтығын тексеру - 15 минут;

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың конкурсқа қатысу шарттары мен талаптарына сәйкестігін тексеру - 30 минут;

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар және (немесе) деректер (мәліметтер) дәйексіз болған жағдайда, конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау туралы қолхат

беру не академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік қызметті көрсетуден жазбаша бас тарту - көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс сағаты 15 (он бес) минут.

5-Параграф. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының білім беру саласындағы халықаралық шарттар және академиялық оралымдылық шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесіндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

66. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2 тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

67. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 1-қосымша

"Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Қызмет берушінің атауы	"Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну жолдары	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3		1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген күннен бастап - 1 (бір) жұмыс күні; порталға өтініш берген кезде - 1 (бір) жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын көрсетілетін

	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	қызметті берушіге тапсыру үшін барынша рұқсат етілген уақыты - 15 (он бес) минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны:	электронды және (немесе) қағаз жүзінде
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысуға құжаттардың қабылданғаны туралы колхат немесе (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 7 және 26-тармақтарында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бастарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі және "жеке кабинетінде" сақталады
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағ. 9.00 - ден 18.30 - ға дейін ; 2) портал - тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) . Көрсетілетін қызметті беруші бойынша қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады . Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
		Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі көрсетілетін қызметті берушіге (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкіл): 1)Қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шетелге оқуға баратын Қазақстан Республикасы азаматының сауалнамасының; 2) жеке куәлігі және/немесе төлқұжатының түпнұсқасы (түпнұсқалар салыстырылғаннан кейін үміткерге қайтарылады); 3) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқасы салыстырылғаннан кейін үміткерге қайтарылады) : "Бакалавриат" бағдарламасы бойынша оқу үшін: қосымшасымен бірге аттестат немесе қосымшасымен бірге негізгі орта білімі туралы куәлік, табель немесе орта арнайы білім беру бағдарламасы

бойынша ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы транскриптімен бірге оқу орнынан анықтама немесе қосымшасымен арнайы орта білімі туралы д и п л о м ;

"Магистратура"/"Резидентура" бағдарламасы бойынша оқу үшін: қосымшасымен бірге бакалавр/маман дипломы немесе ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы транскриптімен бірге оқу орнынан анықтама; "Докторантура" бағдарламасы бойынша оқу үшін: қосымшасымен бірге магистр дипломы немесе ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы транскриптімен бірге оқу орнынан анықтама. Шетелдік білім беру ұйымдарында оқыған жағдайда, білім туралы құжаттың нотариалды куәландырылған аудармасы ұсынылады;

4) оқу тіліне сәйкес келетін шет тілін білетінін растайтын құжат (қабылдаушы тараптың талабы бойынша) бар болған жағдайда. Қабылдаушы тарап тілдік оқудан өтуді ұсынған жағдайда шет тілін білетіндігін растайтын құжат талап етілмейді;

5) таңдаған оқу бағыты бойынша республикалық немесе халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысқаны үшін алған грамоталардың, сертификаттардың, дипломдардың көшірмесі (болған жағдайда);

6) "Докторантура" бағдарламасы бойынша оқу үшін ғылыми жарияланымдардың немесе оқу-әдістемелік (ғылыми) әзірлемелердің тізбесі (б о л ғ а н ж а ғ д а й д а) ;

7) құжаттарды өкіл арқылы ұсынған жағдайда, нотариалды куәландырылған с е н і м х а т ;

8) заңды өкілдің (ата-аналар, бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана, патронат тәрбиеші) шетелге оқуға жіберуге жазбаша нотариалдық келісімі (18 жасқа толмаған тұлғалар үшін);

9) келесі тұлғалар санатына жататындығы туралы фактіні растайтын құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқа салыстырылғаннан кейін үміткерге қ а й т а р ы л а д ы) :

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - баланың ата-анасының жоқ екенін растайтын құжаттың көшірмесі; бала жасынан мүгедек және мүгедек балалар - "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы 31 наурызда № 10589 тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі; көп балалы отбасынан шыққан балалар - төрт және одан көп бірге тұрып жатқан кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің немесе асырап алу туралы сот шешімінің көшірмелері;

10) шетелдік жоғары оқу орындарынан шақыру көшірмесінің мемлекеттік тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармалары бар болған жағдайда.

п о р т а л а р қ ы л ы :

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭСҚ-мен куәландырылған электронды құжат түріндегі немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған электрондық с а у а л ;

2) Қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Шетелге оқуға баратын Қазақстан Республикасы азаматының сауалнамасының электрондық к ө ш і р м е с і ;

3) білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі: "Бакалавриат" бағдарламасы бойынша оқу үшін: Қосымшасы бар аттестат немесе қосымшасы бар негізгі орта білімі туралы

қуәлік, орта арнайы білім беру бағдарламасы бойынша ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы табель немесе транскриптпен білім алушының мәртебесі туралы анықтама немесе қосымшасы бар арнайы орта білім т у р а л ы д и п л о м ;
"Магистратура"/"Резидентура" бағдарламасы бойынша оқу үшін: Қосымшасы бар бакалавр/маман дипломы немесе ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы транскриптпен білім беру бағдарламасы анықтама;
"Докторантура" бағдарламасы бойынша оқу үшін: Қосымшасы бар магистр дипломы немесе ағымдағы оқу жылындағы үлгерімі туралы транскриптімен бірге оқу орнынан анықтама.
Шетелдік білім беру ұйымдарында оқыған жағдайда, білім туралы құжат нотариалды куәландырылған электрондық көшірме аудармасының ұ с ы н ы л а д ы ;

4) оқу тіліне сәйкес келетін шет тілін білетінін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қабылдаушы тараптың талабы бойынша) бар болған ж а ғ д а й д а .

Қабылдаушы тарап тілдік оқудан өтуді ұсынған жағдайда шет тілін білетіндігін растайтын құжаты талап етілмейді.

5) таңдаған оқу бағыты бойынша республикалық немесе халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысқаны үшін алған грамоталардың, сертификаттардың, дипломдардың электрондық көшірмесі (болған жағдайда) ;

6) "Докторантура" бағдарламасы бойынша оқу үшін ғылыми жарияланымдар немесе оқу-әдістемелік (ғылыми) әзірлемелер тізбесінің электрондық көшірмесі (болған жағдайда);

7) шетелге оқуға жіберу үшін үміткердің заңды өкілінің (ата-аналар, бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана, патронат тәрбиеші) нотариалды келісімінің электрондық көшірмесі (18 жасқа толмаған тұлғалар үшін);

8) тұлғалардың келесі санаттарына тиесімлігін растайтын құжаттың э л е к т р о н д ы қ к ө ш і р м е с і :
жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - баланың ата-анасының жоқ екенін растайтын құжат;
бала жасынан мүгедек және мүгедек балалар - № 44 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама;
көп балалы отбасынан шыққан балалар - төрт және одан көп бірге тұрып жатқан кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігі немесе асырап алу туралы сот шешімінің электрондық көшірмесі;

9) мемлекеттік тілінде нотариалды куәландырылған аудармалары бар шетелдік жоғары оқу орны шақыруының электрондық көшірмесі.
Көрсетілген құжаттардағы ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде, көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарын, білімі туралы құжаттарын, баланың ата-анасының жоқ екенін растайтын құжатын, № 44 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтаманы, көп балалы отбасынан шыққан растайтын құжатын, асырап алу туралы сот шешімін, мекенжай анықтамаларын ұсыну талап етілмейді.
Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда бар деректердің (мәліметтердің) дұрыс

9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызмет	е м е с т і г і н б е л г і л е у ; 2) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда білім саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде.
10	Өзге де талаптар мемлекеттік қызметті көрсету ескерілген ерекшеліктері	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, немесе бір реттік парольді электрондық нысанда порталында тіркелген субъектінің ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы жолдау жолымен мемлекеттік қызмет алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен жағдайы туралы ақпаратты қашықтықтан қолжеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алады.

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Шетелге оқуға баратын Қазақстан Республикасы азаматының сауалнамасы



1.	Т е г і А т ы Әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі - ТӘЖ)
2.	Туған күні
3.	Туған жері (ауыл, аудан, қала, облыс, ел)
4.	Тұрақты тұратын жеріне тіркелу мекен-жайы (тіркелім), телефон нөмірі
5.	Қазіргі тұратын мекен-жайы, телефон нөмірі, электрондық поштасы
6.	Жалпы орта білім беру ұйымының атауы
7.	Жалпы орта білімі туралы құжаттың орташа балы, бітірген жылы
8.	Сіз аяқтаған басқа оқу орындарының атауы, оқу жылдары, орташа балы, мамандығы
	С і з ш е т е л д е о қ ы д ы ң ы з б а ? Қ а й д а (е л) ?

9.	О қ у О қ у оқу бағдарламасы	к е з е ң і . о р н ы н ы ң а т а у ы ,
10	Шетелде білім алу (алмасу бойынша, қабылдаушы тарап, шетел мемлекетінің немесе ұйымының білім алу бағдарламалары, демеушілер, өзіңіздің жеке қаражатыңыз және т.б.)	
11	Қандай ғылыми еңбектеріңіз және өнертабыстарыңыз бар (ғылыми жарияланымдар, ғылыми-әдістемелік әзірлемелер, патенттер, авторлық куәліктер)	

12. Еңбек қызметі (техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарындағы оқуды қосқанда, әскери қызмет, қоса атқарған жұмыс және т.б.)

Мерзімі	Ұйым және ондағы лауазымы	Мекен - жайы
Бастау	Аяқтау	
14.	Сіз білетін шет тілдерін атаңыз (білім деңгейіңізді көрсетіңіз, мысалы, е р к і н меңгердім, жа қ с ы меңгердім, о қ ы п түсіндіре аламын, о қ и м ы н ж ә н е сөздікпен аударамын)	
15.	Бұған дейін шет тілін білу деңгейін тексеретін тест тапсырдыңыз ба? Егер тапсырсаңыз, балыңыз қандай?	
16.	Тұлғаны куәлэндиратын құжат деректері: н ө м і р і к і м м е н б е р і л д і қашан берілді	
17.	Оқуға баратын ел атауы	
18.	Сіздің шетелде меңгергіңіз келетін мамандық	

Ескертпе:

Сауалнама баспа әріптерімен толтырылады. Сауалнама және қоса берілетін құжаттардың барлығы тезтікпеге тігіледі. Тезтікпенің тысында келесі мәліметтер көрсетілуі қажет: ТӘЖ, үйінің мекен - жайы, телефоны, білім беру ұйымының атауы, мамандығы, курсы, педагогикалық және ғылыми қызметкерлер үшін - ғылыми зерттеулер бағыты және диссертация тақырыбы.

Қолы _____ Күні _____

Мен _____,

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда) толық)

Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің үкіметтері мен ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде оқуға конкурсқа қатысуға үміткер, сауалнамада көрсетілген барлық ақпарат толық және анық екенін растаймын.

(үміткердің қолы)

Мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 болып тіркелген) Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларының талаптарымен таныспын.

Мен, менің сауалнамалық деректерімді Тәуелсіз сараптамалық комиссия және Қорытынды комиссия мүшелеріне, шетелдік үкімет және ведомстволардың ресми өкілдеріне, мемлекеттік органдарға және өзге де мүдделі ұйымдарға, сондай-ақ "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ ресми сайтында орналастыру жолымен берілуіне келісемін.

Төменде өзіңіздің қолыңызбен мынадай мәтінді жазыңыз:

"Осы қосымшаны мен өз қолыммен толтырдым, әрбір парағы дәйектелді. Жоғарыда жазылған шарттармен және талаптармен таныстым және келісемін (жеке қол қою арқылы растаймын)

Қолы _____ Күні _____

"Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ ақпараттық жүйелердегі және (немесе) осы сауалнамада қамтылған жеке деректерді және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын басқа да мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы _____ Күні _____

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 3-қосымша

Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен халықаралық шарттар/ келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлердің жеке әңгімелесуге арналған бағалау парағы

1. Үміткер туралы жалпы ақпарат	
Оқу елі:	
Үміткердің ТАӘ:	
2. Жеке әңгімелесу бағалары	
	<input type="checkbox"/> 5 - өте жақсы
	<input type="checkbox"/> 4 - жақсы

1. Уәждеме деңгейі, мамандықты таңдауды түсіну деңгейі, дәлелділік	<input type="checkbox"/>	3 - қанағаттанарлық
	<input type="checkbox"/>	2 - қанағаттанғысыз
2. Теориялық (негізгі) білім деңгейі және оқудағы және/немесе таңдалған мамандық/кәсіп саласындағы жетістіктері	<input type="checkbox"/>	5 - өте жақсы
	<input type="checkbox"/>	4 - жақсы
	<input type="checkbox"/>	3 - қанағаттанарлық
	<input type="checkbox"/>	2 - қанағаттанғысыз
3. Ойлау логикасы мен сөйлеу сапасының деңгейі, жағдаяттық мәселелерді шешу дағдылары	<input type="checkbox"/>	5 - өте жақсы
	<input type="checkbox"/>	4 - жақсы
	<input type="checkbox"/>	3 - қанағаттанарлық
	<input type="checkbox"/>	2 - қанағаттанғысыз
3. Өңгімелесу нәтижелері бойынша Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерінің ұсыныстары		
<input type="checkbox"/> Ұсынамын	<input type="checkbox"/> Ұсынбаймын	
_____		(қысқаша

т ү с і н і к т е м е)

20 ____ жылғы " ____ " _____

(Тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшесінің Т.А.Ә (бар болған жағдайда)) (қолы)

4. Қорытынды бағасы

(Қорытынды бағасы) ("Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ қызметкерінің Т.А.Ә (бар болған жағдайда)) (қолы)

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 4-қосымша

Тәуелсіз сараптамалық комиссиясының мүшелерімен халықаралық шарттар/ келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді бағалау критерийлері

Бағалау өлшемшарттары	Баға
Уәждеме деңгейі, мамандықты таңдауды түсіну деңгейі, дәлелділік	
Уәждеме деңгейі толығымен ашылған, айқын коммуникативтік ой, фактілерге және мысалдарға, оның ішінде жеке тәжірибесі мен бақылауларына сүйеніп әрекет ете біледі	5
Үстіртін уәждеме, коммуникативтік ойы байқалады, өзінің жеке бақылауларына немесе бір дереккөзінен алынған мысалдарға сүйене отырып дәлел келтіреді	4
Уәждемесі ашылмаған, келешек туралы түсінік жоқ, дәлел жеке тәжірибесіне негізделген, мысалдар мен фактілер жоқ	3
Жауабының мазмұны уәждеме деңгейі туралы түсінік бермейді, дәлелі жоқ	2
Теориялық (негізгі) білім деңгейі және оқудағы және/немесе таңдалған мамандық/кәсіп саласындағы жетістіктері	
Таңдалған мамандығы бойынша халықаралық және республикалық маңызы бар олимпиадаларда алған жүлделі орындары, үздік оқу үлгерімі, оның ішінде ағымдағы, SAT бойынша жоғары балл, қосымша дағдыларды және білімді игеру (тілдер, компьютерлік және таңдаған мамандығымен іргелес бағдарламалар), бейінді пәндер бойынша негізгі білімі жақсы	5
Халықаралық және/немесе республикалық олимпиадаларға, конференцияларға қатысу, жақсы оқу үлгерімі, оның ішінде ағымдағы, SAT бойынша жақсы балл, бейінді пәндер бойынша негізгі білім	4
Жақсы оқу үлгерімі, оның ішінде ағымдағы, бейінді пәндерді білу	3
Бейінді пәндер бойынша білімі төмен	2
Ойлау логикасы мен сөйлеу сапасы, жекебас қасиеттері, жағдаяттық мәселелерді шешу дағдылары	
Ойын логикалық түрде жеткізе алады, негізсіз қайталаулардың болмауы және бірізділік, грамматикалық құрылымы дұрыс жасалған, терминдерді ретімен қолданған, мәселені, шешу тәсілдерін анық түсінген, тәсілдер негізделген, балама шешім	5
Ойдың бірізділігі бұзылмаған, мағыналық және логикалық құрылымы бар, сөзі біркелкі, бірақ сөздік қоры жеткілікті, тапсырманы және оны шешу тәсілдерін түсінген	4
Сөйлеу логикасында іркіліс бар, ойын айқын жеткізе алмайды, сөздік қоры жеткіліксіз, тапсырманы түсінеді, бірақ шешу жолын білмейді	3
Мағынасын түсінуге кедергі келтіретін өрескел логикалық бұзылулар мен сөйлеу сапасының төмендігі, тапсырманы түсіну жоқ	2

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 5-қосымша

Халықаралық шарттар/келісімдер және академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлері

Шетел тілін меңгеру деңгейі

IELTS балдарының баламасы	TOEFL балдарының баламасы	балдарының баламасы	Берілетін балл
IELTS - 9,0	TOEFL - 118-120	HSK 6	5
IELTS - 8,0-8,5	TOEFL - 110-117	HSK 5	4
IELTS - 7,0-7,5	TOEFL - 94-109	HSK 4	3
IELTS - 6,0-6,5	TOEFL - 60-93	HSK 3	2
IELTS - 5,0-5,5	TOEFL - 35-59	HSK 2	1

"Бакалавриат" бағдарламасы бойынша жіберу үшін оқу үлгерімі

Ағымды үлгерім туралы транскрипт	4,0	5
	3,67	4
	3,33	3
	3,0	2
	2,67	1
Арнаулы орта білім туралы диплом	5,0	5
	4,5	4
	4,0	3

"Магистратура", "Резидентура", "Докторантура" бағдарламалары бойынша жіберу үшін

Құжат	Орташа бал	Берілетін балл
Бакалавр/магистр дипломы/интернатура бітіру туралы куәлік	4,0	5
	3,67	4
	3,33	3
	3,0	2
	2,67	1
Маман дипломы	5,0	5
	4,5	4
	4,0	3
Ағымды үлгерім туралы транскрипт	4,0	5
	3,67	4
	3,33	3
	3,0	2
	2,67	1

Ынталандыру марапаттарының болуы (республикалық және халықаралық деңгейдегі)

Диплом	5
Грамота	4
Алғыс хат	3
Сертификат	2

Шетелде, оның ішінде

Халықаралық шарттар/келісімдер шеңберінде шетелде оқуға үміткерлердің негізгі және резервтік тізімдері

№	Үміткерлердің тегі, аты және әкесінің аты	О қ ы т у бағдарламасы	Мамандық	Басымдылығы	Балл саны

Академиялық оралымдылық шеңберінде білім алушылардың негізгі және резервтік тізімдер

№	Жоғары оқу орынның атауы	Үміткерлердің тегі , аты және әкесінің аты	Паспорт нөмері о н ы н жарамдылық мерзімі	Ел	о қ ы т у бағдарламасы	Мамандық	басымдылығы	Балл саны

Шетелде, оның ішінде
академиялық оралымдылық
шеңберінде оқытуға жіберу
қағидаларына 7-қосымша

Шетелде оқуды ұйымдастыруға арналған ШАРТ

Нұр-Сұлтан қ. "___" _____ 202__ жылы
_____, бұдан әрі "Орталық" деп аталатын, Жарғы негізінде
әрекет ететін, _____ тұлғасында, бір тараптан, және Қазақстан
Республикасының азаматы _____, бұдан әрі "
Студент" деп аталатын, екінші тараптан, бұдан былай бірлесіп "Тараптар" аталатындар,
төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың мәні дегеніміз - Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған халықаралық шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында (бұдан әрі - Оқу орны) оқуды ұйымдастыру бойынша іс-шараларды іске асыру кезінде туындайтын Тараптардың өзара қарым-қатынастары.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Орталық міндетті:

2.1.1. Осы Шарттың 1.1-тармағына сәйкес Оқу орнында Студенттің білім алуына ықпал етуге. Оқу орны Студенттің оқуға қабылданғаны туралы шешімді қабылдайды.

2.1.2. Студенттің жазбаша өтінішінің негізінде оқуын аяқтаған соң жұмыс іздеуге ықпал етуге.

2.2. Орталық құқылы:

2.2.1. Студент туралы Орталықтың алған мәліметтерін мына кезеңде пайдалануға:

- 1) құжаттар қабылдау;
- 2) Оқу орнында оқу;

Орталық аталған мәліметтерді қажет болған жағдайда әріптестерге, Оқу орнына, жұмыс берушіге және әлеуетті жұмыс берушілерге, сондай-ақ мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынады.

2.2.2. Студент өзіне тәуелсіз жағдайлар бойынша оқуға кету бөлігінде міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Студентті Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде білім алуын бұдан әрі шектейтін жосықсыз үміткерлердің тізіліміне енгізу.

2.3. Студент міндетті:

2.3.1. Орталық белгілеген мерзімде Орталыққа қажетті құжаттарды ұсыну және денсаулық жағдайы, оқу үлгерімі, ата-анасы, тұратын жері, байланыс деректері туралы тек қана сенімді мәліметтерді беруге.

2.3.2. Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттердің үкіметтері немесе ведомстволары арасында жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде білім алуға арналған құжаттарды Орталық қабылдағанда және Оқу орны оқуға тіркеген жағдайда - басқа шетелдік жоғары оқу орындарына құжаттар тапсырмауға және оқуға кетпеуге.

2.3.3. Білім алу мақсатында шетелге шығу үшін қажетті құжаттарды өз бетінше ресімдеуге. Атаулы грант алған жағдайда оқуға кетуге, оқудың толық курсынан өтуге және уақытында аяқтауға.

2.3.4. Оқу басталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оқу еліндегі Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне есепке тұру және бұл туралы Орталыққа хабарлау.

2.3.5. Орталыққа Оқу орны бекіткен әрбір аралық оқу кезеңіндегі (семестр, триместр немесе оқу жылы) Оқу орнының атынан академиялық үлгерімі, оның ішінде Оқу орнынан шығып кеткені туралы ресми үзінді көшірмені күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынуға;

2.3.6. Шетелде оқуды аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына қайтып келуге және Қазақстан Республикасының аумағында кемінде үш жыл үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыруға міндетті.

2.4. Студент құқылы:

2.4.1. Орталыққа оқуы аяқталған соң жұмыс іздеуге қатысты көмек көрсету өтінішімен жазбаша жүгінуге;

2.4.2. Білім алу процесі кезеңінде туындайтын және оған қатысты мәселелерді қарау үшін Орталыққа өтініш беруге.

3. ШАРТТЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Студент оқудан бас тартқан кезде Орталықтың атына шартты бұзудың негізін растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша хабарлама жолдайды.

3.2. Осы Шарт Орталық хабарламаны алған күннен бастап, тоқтатылған болып саналады.

4. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

4.1. Тараптар осы Шарттың міндеттемелерін орындамағаны үшін, егер де мұндай жағдай ырық бермейтін күш жағдайлары салдарынан болса, атап айтқанда мыналар: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, соғыс қимылдары, блокадалар, МӘС (медициналық-элеуметтік сараптама) тиісті анықтамасымен расталған Студенттің ауруы, заңнамадағы өзгерістер, мемлекеттік органдардың актілерді шығаруы және басқа да жағдайлар, егер де олар осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен болса және де Тараптар осындай кедергілерге қарсы тұра алмаған болса және орын алған жағдайда болуы мүмкін барлық ықтимал шаралар мен әрекеттерді қабылдаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Форс-мажорлық жағдайға сілтейтін Тарап ырықсыз күш туындаған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде келесі Тарапқа осындай жағдайдың болғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

5. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР

5.1. Осы Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді толық орындаған сәтке дейін жарамды.

5.2. Тараптар осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шарттарды сақтаумен қосымша келісімге қол қою арқылы өзара келісім бойынша ғана енгізуі мүмкін.

5.3. Келісуші Тараптар арасында осы Шарттан немесе осыған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілуі тиіс.

5.4. Осы Шартта реттелмеген барлық сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

5.7. Осы Шарт орыс тілінде 2 (екі) бірдей данада құрастырылған. Осы Шарттың бір данасы Студентке, екіншісі - Орталыққа беріледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН - ЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

" О Р Т А Л Ы Қ "

Қолы: _____

" С Т У Д Е Н Т "

Қолы: _____

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 8-қосымша

Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу үшін жоғары оқу орнының ұсынысы

Жоғары оқу орынның атауы	Сұрау бойынша орын саны			Келісімдер мен шарттар саны	Бірлескен білім беру бағдарламалары	Қос дипломды білім беру бағдарламалары	Сұраудағы мамандықтар бойынша аккредиттелген білім беру бағдарламалардың саны	Қолданыстағы білім беру лицензияның нөмері	Халықаралық рейтингті қатысуы
	Еуропа	Оңтүстік Шығыс Азия	АҚШ						
Мамандық									

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 9-қосымша
Нысан

Өтінім берген жоғары оқу орындарының жалпы тізімі

Жоғары оқу орынның атауы	Сұрау бойынша орын саны			Келісімдер мен шарттар саны	Бірлескен білім беру бағдарламалары	Қос дипломды білім беру бағдарламалары	Сұраудағы мамандықтар бойынша аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны	Қолданыстағы білім беру лицензиясының нөмері	Халықаралық рейтингті қатысуы
	Еуропа	Оңтүстік Шығыс Азия	АҚШ						
Мамандық									

Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына 10-қосымша

"Шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Мемлекеттік қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету әдістері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру : 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап немесе порталға өтініш берген кезде - 1 (бір) жұмыс күні ішінде ; 2) құжаттар топтамасын тапсыру кезінде кезек күтудің барынша рұқсат етілген уақыты - 30 (отыз) минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілген уақыты - 30 (отыз) минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу конкурсына қатысуға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат. Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" жіберіледі және сақталады.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларда оны алу әдістері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағ. 9.00 - ден 18.30 - ға дейін . Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады . Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады; 2) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) Кредиттік технология бойынша оқыту процесін ұйымдастыру қағидасына (бұдан әрі - КТО қағидасы) сәйкес білім алушының өтініші;

2) Қазақстан Республикасы азаматы паспортының көшірмесі;

3) білім туралы құжаттары: "Бакалавриат" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: ЖОО мөрімен куәландырылған ағымдағы оқу үлгерімі туралы транскрипт;

"Магистратура" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: бакалавр/маман дипломы қосымшасымен және ағымдағы оқу үлгерімі туралы транскрипт;

"Резидентура" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: бакалавр/маман дипломы қосымшасымен, интернатураны бітіру туралы куәлік қосымшасымен және ағымдағы оқу үлгерімі туралы транскрипт;

"Докторантура" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: магистр дипломы қосымшасымен немесе резидентураны бітіргені туралы куәлігі және ғылыми диссертацияның өзектілігі мен оқытуға жіберу керектігі туралы кафедра отырысы хаттамасының үзіндісі;

4) шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат (үміткер төменде ұсынылған құжаттардың бірін ұсынады): шет тілін меңгеруді халықаралық бағалау жүйесі арқылы алынған сертификат, болған жағдайда; студенттің шет тілді меңгеру деңгейімен келісетіндігі туралы шетел ЖОО-ның хаты;

қазақстандық ЖОО-ның тестілеу нәтижесі (B2 деңгейден төмен емес);

5) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (шетелге шығушылар үшін) медициналық анықтама (бұдан әрі - медициналық анықтама);

6) он сегіз жасқа толмаған үміткердің ата-анасының, қамқоршыларының, заңды өкілдерінің шетелге баруға қарсы еместігі туралы жазбаша келісімі;

7) студент отбасының көп балалы екенін растау үшін отбасы құрамы туралы құжат;

8) студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжат (жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге арналған санаттағы студенттер үшін) (болған жағдайда);

9) студенттің мүгедектігі туралы анықтама (болған жағдайда);

п о р т а л ғ а :

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есеп жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған электронды құжат нысанындағы өтініш;

2) Қазақстан Республикасы азаматы паспортының электронды көшірмесі;

	<p>3) білім туралы құжаттарының электронды көшірмесі: "Бакалавриат" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: ЖОО мөрімен куәландырылған ағымдағы оқу үлгерімі туралы т р а н с к р и п т ;</p> <p>"Магистратура" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: бакалавр/маман дипломы қосымшасымен және ағымдағы оқу үлгерімі туралы т р а н с к р и п т ;</p> <p>"Резидентура" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: бакалавр/маман дипломы қосымшасымен, интернатураны бітіру туралы куәлік қосымшасымен және ағымдағы оқу үлгерімі туралы т р а н с к р и п т ;</p> <p>"Докторантура" бағдарламасы бойынша жіберу үшін: магистр дипломы қосымшасымен немесе резидентураны бітіргені туралы куәлігі және ғылыми диссертацияның өзектілігі мен оқытуға жіберу керектігі туралы кафедра отырысы хаттамасының үзіндісі;</p> <p>4) шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжаттың электронды көшірмесі (үміткер төменде ұсынылған құжаттардың бірін ұсынады): шет тілін меңгеруді халықаралық бағалау жүйесі арқылы алынған сертификат, болған жағдайда; студенттің шет тілді меңгеру деңгейімен келісетіндігі туралы шетел Ж О О - н ы ң х а т ы ; қазақстандық ЖОО-ның тестілеу нәтижесі (B2 деңгейден төмен емес);</p> <p>5) медициналық анықтаманың электронды көшірмесі;</p> <p>6) он сегіз жасқа толмаған үміткердің ата-анасының, қамқоршыларының, заңды өкілдерінің шетелге баруға қарсы еместігі туралы жазбаша келісімінің электронды көшірмесі;</p> <p>7) студент отбасының көп балалы екенін растау үшін отбасы құрамы туралы құжаттың электронды көшірмесі;</p> <p>8) студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжаттың электронды көшірмесі (жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге арналған санаттағы студенттер үшін) (болған жағдайда);</p> <p>9) студенттің мүгедектігі туралы анықтаманың электронды көшірмесі (болған жағдайда) .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме</p> <p>мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электронды нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды нысанда алуға және академиялық оралымдылық шеңберінде оқу конкурсына қатысу үшін жүгінуге мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ Бірыңғай байланыс</p>

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 14 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
2-қосымша

1. "Шетелге, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде оқуға жіберу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 187 бұйрығының 1-тармағының 8) және 9) тармақшалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 мамырда № 11195 тіркелді);

2. "Шетелге, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде оқуға жіберу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 346 бұйрығының 1-тармағының 8) және 9) тармақшалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 шілдеде № 11533 тіркелді);

3. "Шетелге, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде оқуға жіберу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 187 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 656 бұйрығының 3 және 4-қосымшалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 ақпанда № 16315 болып тіркелді);

4. "Шетелге, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде оқуға жіберу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 346 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 171 бұйрығының 4 және 5-қосымшалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16881 болып тіркелді).